

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. С.ТОРАЙГЫРОВА



1 '2003



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

ДРАМАТУРГ ШЕБЕРЛІГІ

Ә.Қ. Шапауов

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Бұл мақалада автордың драмалық шығармаларын жаңа көзқараспен қарау барысында қазақ драматургиясының дамуы анықталады

В данной статье выясняется развитие казахской драматургии путем рассмотрения драматических произведений автора с новой точки зрения.

This research work defines contribution to the development and establishment of Kazakh Dramatic Art by examining author's dramatic works with new point of view.

Қазақ ұлттық драматургия жанры бүгінгі күні жан-жақты зерттелу үстінде. Драма жанрының мәселелерін арнайы сөз етуші: С. Ордалиев, Ә. Тәжібаев, Н. Ғабдуллин, Р. Нұрғали, М. Дүйсенов, Р. Рүстембекова, Т. Есембеков, Ж. Әблов т.б. ғалымдардың еңбектері белгілі. Аталған зерттеушілер еңбектерінде қазақ драматургиясының жанрлық, стильдік мәселелері, жекелеген белгілі драмашылардың шығармашылықтары ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылып келеді.

Тартыс пен характер – драмалық шығарманың ең негізгі көркемдік категориясы. Кез-келген драмалық шығармада тартыс пен характер қызметі солғын болса, ол – шығарма көркемдігін төмендетуге апаратыны мәлім.

Драмадағы тартыс - карама-карсы ниеттегі қаһармандар бойындағы ішкі және сыртқы әрекеттерімен тығыз байланысты. Драмалық шығармадағы характер мәселесін ашуда әр суреткердің амалы әр түрлі.

1970-90 жылдардағы қазақ драмашыларының белді өкілі С. Жүнісовтің пьесалары тақырып жағынан бір-бірін қайталамайды. Әр шығармасы өмірдің әр қырынан сыр тартады. Бүгінгі күнге дейін арнайы сөз етілмеген драмалық шығармасы - «Тұтқындар». Екі бөлімді драмалық новелла - халықаралық тақырыпқа арналған. Бір кездегі дүние жүзіндегі жұмысшылардың, еңбеккерлердің бас бостандығына арналған туынды.

Театр, драматургия сыншысы Қ. Уәлиев: «Халықаралық, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылған бұл пьесаның негізіне грек патриоттары Монолис Глезос пен Микис Тодеракис қаһармандығы, күрескерлігі алынған. Қара полковниктер билеген елде азаматтық үшін арпалысып жүрген жау жүрек азаматтар күресі басты арқау етіліп алынған» [1, 130], - дейді.

Пьеса кеңес заманында жазылғандықтан, орыс халқын басқа халықтардан жоғарылау қою, Москваны - бүкіл демократ жұмыскерлердің отаны есебінде айтып, суреттейді /заман ағымы бойынша/. Пьесаның оқиғасына қатысатын адамдар шектеулі. Пьеса, әсіресе, композитор мен белгісіз тұтқын, композитор мен надзиратель аралығында тартысты дамиды. Диалогтары күшті, мағыналы. Оқиға бірден түрме ішінен басталып, түрме ішінде шарықтап, сол қалыппен аяқталады. Тактай нарда ұйықтап жатқан композитор түсінде түрме капелланымен айтысып-тартысады. Негізгі айтысуға арқау болып жатқан даулы мәселе – адамгершілік, қанағатшылық. Осы екі кейіпкерінің аузына сөз салып отырған драматург С. Жүнісовтің көріпкел суреткерлік шеберлігін танимыз. Мысалы:

«К а п е л л а н . . . Жер бетінде күн мен түн қандай өзгермесе, өмірде тапжылмайтын егіз дүниелер бар. Ол - махаббат пен зұлымдық, қайырымдылық

пен қиянат, тоқтық пен аштық, еркіндік пен тәуелсіздік. Дүниеде болып жатқан соғыс, айқас, дүрбелең - бәрі тіршілік заңы. Оған араша түру – замана доңғалағының шабағына түсу.

Композитор: Жок, оларды істеп отырған – адам, оларды ауыздықтайтын да – адам.

Капеллан: Сендерді желіктіретін құдайсыздар елі бар. О, жасаған, кешіре гөр! Онда кісі күлерлік нәрселер ойлайды: олардың құдайы – адам! (ақырын күледі). Бәрі соның қолында. Сонда қалай болғаны? О, есуас жаратылыс, сен де құдай, мен де құдай. Ал адам қайда?

Композитор: Иә, дұрыс айтасың. Адам қайда? Нағыз адам қайда? Оны сен де көре алмайсың, көр соқыр. Сенің түрме бастығын - абжылан, сен – ібіліс, ал қазіргі үкімет басшылары – пайғамбарлар, ең басшысы - құдай. Ал, солардың бәрін билейтін, жанын жаһанамға жіберетін тағы біреу бар. Ол – адам! Ол – мен! Ол – мына көрші камерада, одан әрі, алыста – жер бетінде көп! Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! [2]

С.Жүнісов осы бірінші көріністе пьесаның бар болмыс табиғатынан сыр аңғартады. Экспозициясы толық ашылады. Сәкен Жүнісов суреткерлік шеберлігінің бір қыры, құпиялылығы кез-келген туындысында да осы жайт. Мысалы, «Ақан сері» роман-дилогиясының кіріспе-бөлімінен романның бар көтерер жүгін, шешімін, жұмбағын, түйінін аңғартады, болжатады... Сол сияқты драмалық шығармаларында да осы үрдісті қолданады. Әрине, прозалық туындыларға карағанда драмалық шығарманың жанры қатал, ықшам, тартысты, көлемі де шектеулі.

Композитор мен Капеллан диалогы тартысты, терең мағыналық мазмұнға ие. С.Жүнісов Капеллан атынан: Сендерді желіктіретін құдайсыздар елі бар. Онда кісі күлерлік нәрселер ойлайды: олардың құдайы – адам! - дегізіп өткен күніміздегі «күйреген КСРО-ны» мензеп түр, яғни «құдайсыздар елі», - дегені сол. Рас, «Совет Одағы» кезінде - құдайсыз ел болғанымыз, бәріннің жасанды құдайы – адам, адам қолымен жаратылыс - табиғатқа, адамға қиянат та жасалынғаны шындық, ашы шындық. Жазушы-драматург С.Жүнісов сол заманда шет елдегі тұрмысты суреттей отыра, өз еліндегі келенсіздіктерді шетпұшпақтатады.

Пьесадағы композитордың прототипі – грек халқының адал ұлы Микис Теодоракисің бейнесін танимыз. Композитор үкіметке қарсы адам. Яғни, үкімет қысымымен, еріксіз өз мақсаттарындағы гимнің жолдарына ән шығармағаны үшін қамауға алып, түрмеге қамаған.

Түрме Капелланымен диалог-айтысында оған: «О, тойымсыз пенде, тойымсыз нәпсі. Құдай тағала саған екі қол, он саусақ берді. Әр саусағынның басына сайраған бүлбүл қондырды. Өзің емес пе сол құстардан айырылып қалған», - деп композиторды табалайды.

Композитор. Саусак түгілі басыңды еркіннен айырса, сайраған әр бұлбұлың канатын еркін жаза алмай, тынысы тарылып, бұлқынып, өз жүрегінді тырнайды» [«Тұтқындар»], – деп жауап қайыруынан жағдайын аңғартады.

Тар қапаста 4 жыл отырған композитор есікті ашып, тостағанмен тамақ әкеліп әкететін надзирательмен бір де бір сөйлеспей, оның мылқау адамдарша әрекет етуі драматург тарапынан сәтті үйлестірген шешім. С. Жүнісов Композитор атынан барша еңбекшілердің бейнесін көрсетіп отырады.

Композитор қатарынан 5 күн аштық жариялап, тамақ ішуден бас тартады. Бұл жағдайдан хабардар дүние жүзінің газеттері күнбе-күн жариялап отырады. Бұл жағдай үдеп бара жатқан соң түрме бастығы көмекшісін шақырып алып, бүгіннен қалдырмай ауруханаға жеткізуді, сол жерден о дүниеге аттандыруды тапсырады.

«К ө м е к ш і . Диагнозы қандай?

Н а ч а л ь н и к . Жүректен болған талма!

К ө м е к ш і . Рецепт?

Н а ч а л ь н и к . Кенеттен келген ажал» [«Тұтқындар»]

– деп, бірақ қайыруынан барлық әділетсіздік атаулының иелері өздері екенін сезінгісі де келмейді. Композиторды машинаға жасырын салып, алып шығу надзирательге тапсырылады.

Пьесадағы надзиратель – терең психологиялық бейне. Ә, дегеннен әдейі, амалсыздан үндемеудің, үндемей көп пәледен құтылудың жолына түскен адам. Негізінен, адам болғанда - нағыз кең жүректі адам. Себебі, өзінің де тұрмысы ауыр, оның үстіне қайғыға ұшыраған інісінің балаларын қоса асырау бір өзіне оңайға түспейді. Қолы қысқа, арнайы білімі де жоқ, амалсыздан қолына іліккен жұмыс-түрменің тас қалаушысы, кейіннен надзирательсі болып табандатқан жиырма жыл үнсіз, мылқау, меңіреу кейпінде қызмет істеп бағады. Надзирательдің қиын тұрмыс жағдайынан сырды қызының мына монологынан ұғынуға жетерлік. Мысалы:

«М и с с и с (ашынып). Ғұмыр бойы тартқаның азап, көргенің қорлық, сенің әділдігің, адамгершілігің кімге дәрі, кімге қажет. Жалаңаш жалпы қалай тұсан, солай өлесің. Кімнің оған қабырғасы қайысады. Ал мен өйтпеймін. Жетеді туа жоқшылықта өскенім. Мен дүниені өзгерте алмаймын, тек оның шетінен жұлып, қысқа өмірімде өз үлесімді ешкімге жібермеймін. Оны істеймін де. Ол үшін жолыма кесе-көлденең тұрған пенде болса, алдаймын, арбаймын, жалынамын, қорқытамын, бірігемін. Сен сияқты түрмеде отырарым жоқ. Маған ауа, күн керек. Сені де соған алып шығамын. Түсінсең етті. Сен қараңғы болғаныңмен, менің көзімді аштың ғой. Неге енді менің қолымнан ұстамайсың, жетегіме ермейсің. Ертен өлсең де, неге таза киімге оранбайсың. Үстінде бір киер ештемең жоқ. Жұрдайсың. Тым құрығанда, табытқа түскенде киер бір таза костюмді болсайшы. Не өмір бұл! ... Әке, кешір, қаттырақ кеттім білем. Бәрі де

Ә.Қ. Шапауов

қайыршылықпен ашынып өскеннің салдары». [Түтқындар]

«Түтқындар» пьесасында сонымен қатар өнерге деген ерекше ілгипатты да суреттейді. Мысалы, надзирательдің қызы әкесінің туған күніне арнап тамақ дайындағанда, әкесінің тамақ ішуге де уақыты болмай жұмысқа асығып бара жатып: «Анаң үшін тост көтеруді ұмытпағайсыңдар. Ол байғұс менің туған күнімде жаңа бір үйренген әнін сыйлаушы еді. Қолы қысқа адам ғой, қайтсін... Мен үшін де ән айтуды ұмытпағайсыңдар» [«Түтқындар»],- дегенінен аңғартады.

С. Жүнісовтің драмалық шығармалары 1970-1990 жылдардағы қазақ ұлттық драматургия жанрындағы замандас драмашылар пьесаларымен салыстыра қарастырғанда, тақырып, идея жағынан, бейне жасау, тартыс тудыру, мінез сомдау тұрғысынан да назар аударарлық, терең мағыналы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәлиев Қ. Сахна - менің өмірім. А.: Өнер, 1981.
2. Жүнісов С. Қызым, саған айтам. А.: Жазушы. 1978.